


Қ

тырар  
ітанханасы

Құлбек Ергөбек

АРЫСТАР МЕН  
АҒЫСТАР



*Сауытбек досқа!*  
*Автор*



КАЗЫҒҰРТ  
АЛМАТЫ  
2003

Сырымбет бекеті  
Астана



# **АРЫСТАР МЕН АҒЫСТАР**

**(Әдебиеттану, сын әлемі)**

*Төртінші кітап*

«Қазығұрт» баспасы  
© Алматы, 2003

ISBN 978-99-60-00-000-0

ББК 83.3 Каз.  
Е 65

**Ергөбек Қ.**

**Е 65** Арыстар мен ағыстар: Әдебиеттану, сын әлемі. — Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2003. — 336 бет. — Отырар кітапханасы.

ISBN 9965-22-050-6

Көрнекті әдебиет сыншысы, филология ғылымының докторы, профессор Құлбек Ергөбек есімі көпшілік оқырманға кеңінен таныс. Оның архивтен алынған сирек те құнды деректерге құрылған «Жан жылуы», «Мейірім шуағы», «Баянғұмыр», «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Шыңғыс шыңы», «Сәбит Мұқанов», «Жазушы шеберханасы» сынды кітаптары әркез оқырман тарапынан жылы қабылданып, жоғары бағаланған. Қазақ әдебиетінің қойнауларында көміліп жатқан талай қазыналардың көздерін ашқан Алаштың арыстарының шығармашылық зертханаларына терең бойлаған қарымды қаламгердің бұл туындысы да тартымды әрі қызықты оқылары хақ.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

Е  $\frac{4603000000}{482(05)-03}$

ББК 83.3 Каз

ISBN 9965-22-050-6

© Ергөбек Қ., 2003  
© «Қазығұрт» баспасы, 2003

**I бөлім**

***АРЫСТАР***

## 1. ҚАЙЫРЫМСЫЗ УАҚЫТТЫҢ ҚАЙСАР ҰЛАНЫ

*немесе профессор Бейсембай Кенжебайұлының рухани ерліктері  
жайлы хикая*

*Асыл дос!*

*Бейсембай Кенжебайұлы жайында бір толғануымды өтіндің. Мен үшін бұдан асқан құрмет жоқ. Алғаш қолыма қалам ұстатқан ұстаз, өмірінің соңғы он жылын бір шаңырақ астында өткізіп, әкелі-баладай күн кешкен әзіз Адам тағдыры жайында қолыма қалам ұстап толғанудан асқан абырой жоқ мен үшін.*

*Бірақ, бірақ әзіз адам өмірі мен өрлігінің қай қырынан бастап кетерімді білмей отырмын қапелімде?! Өмірі ме? Оның пенделік ғұмыры толы азап. Ол кісінде өзіндік өмір болған жоқ. Бар ғұмырын ұлтына арнады. Қазақ ұлтының әдебиет тарихына бағыштады. Өмірі өрліктен тұрады. Ұлт деген ұғымдағы өрлікті кеңес өкіметі кеше бермейтін еді ғой. Бейсекеңді де кешпеді. Кеңес өкіметі идеологиясы сыйлаған кермек дәмді татумен өтті, жарықтық. Оның өмірі — ғылымға арналған ғұмыр. Өмірінің өрліктен тұратыны секілді ғылымы ерліктен тұрады. Өмірі — азап, ғылымы ләззат. Өзі момын, ғылымы мығым. Өзі мейлінше қарапайым, ғылымы қайталанбас қайсарлық! Қайсыбірін айта бересің оның?!*

Оның туған жері — «Күлтөбеде күнде жиын» атанған тарихи жер, бүгінде «Бөген» су қоймасының астында қалды. Жетім өсті. Малдыбек байдың малын бақты. Кәдімгі жалақ ерін, табаны тілінген жалшы, бакташы болды.

Қашып Тәшкен барды.

Өзбек байына малай болды. Қыш құйды. Бақша күтті. «Арқа еті арша, борбай еті борша» дегендей, өлер болған соң қашып көшеге шығып кетті. Ұры, қары — көше баласы. Базарды аңдып, сатушыны қан қақсатып жүрген қарақшы балалар бағына Ғани Мұратбайұлы, Ақпаев, Садықбек Сапарбекұлы кездесті. Кір-

қожалақ «шпана» балаларды ұстап алып, № 4 жетім балалар үйіне тапсырды. Б.Кенжебайұлы, Ө.Тұрманжанұлы, Ж.Арыстанұлы, Б.Қасқырбайұлы... Моншаға түсірді. Киімін өртеді. Сауатын ашты. Бағына Садуақас Оспанов (дирижер Тұрғыт Османовтың әкесі. Қ.Е.), Әмин Жүсіпов (Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің баласы. Қ.Е.) секілді Абай жинағын қолтықтаған зиялылар оқытты жетім балаларды. Ертеден қара кешке дейін Абай жырларын жаттады, түнде жастанып жатады. Ғани, Садықбектер келіп, хал біліп кетіп тұрады.

Бірге тәрбиеленіп жүрген Бейсембай Қасқырбайұлының 9 жасар қарындасын 9-шы тоқалдыққа алған армян байына қарсы Әмин бастап жорыққа шықты. Балиғатқа жетпеген қызды тартып әкеліп, жетім балалар үйіне орналастырды. Кешкұрым қара көлеңкеде балаларға аула сыпыртып жүрген Әминді біреу пышаққа жығып кетті. Еруліге — қарулы. Армян байшыкешінің әрекеті. Жетім балалар тағы тұлдыр қалғандай күй кешті.

Әминді жылап жүріп жерледі. Қабір басында Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы секілді бірсыпыра Алаш ағалары сөйледі.

Оқуын жалғады. Ж.Аймауытұлы, С.Қожанұлы, Т.Рыскұлұлы, Жұмабайұлы, Чулпон, Н.Төрөкұлұлымен танысты. Сағалап Ғани үйіне барады. «Жаланаяқтарыңды құрт» — деп адуын Сара айқай салады. «Жас қайратқа» мақала жазады. Бірде Ғани, бірде Сара қол қояр газетте бірсыпыра мақаласы жарық көреді. «Шырақ Бейсембайға!» — деп Ғани фотосуретін сыйлайды. Сөйтіп, бала Бейсембайдың балаң журналистік қаламына басшылық жасаған — Ғани Мұратбайұлы!

Үздік оқушылар қатарында Мәскеуге аттанады. И.В.Сталин атындағы Күншығыс еңбекшілері коммунистік университетінде Ө.Тұрманжанұлы, Ж.Арыстанұлы, Т.Айтматұлы (Ш.Айтматовтың әкесі. Қ.Е.) бәрі бірге оқиды. Ленинді көреді, Сталин, Троцкиймен кездесіп, сөзін тындайды. Т.Рыскұлов, Н.Төрөкұлұлы, С.Сапарбекұлы келіп, КУТВ оқушыларымен кездесу жасап тұрады. В.Брюсов ашқан Өнер институтында оқитын Мағжан Жұмабайұлынан сабақ алады. Үйіне барып тұрады. Зылиха жеңгесінің қолынан шәй ішеді. Мағжан ақын бұған әдеби үйірмеде Абай жайында баяндама жасатады. Сөйтіп, бозбала Бейсембайдың алғашқы әдеби сын мақалаларына басшылық жасаған — Мағжан Жұмабайұлы!



*Кеңестің қылышынан қан тамған қатыгез уақытында да бұқпантайламай, Мағжан Жұмабайұлының шайқалған шаңырағымен байланысын, жайсаң ұстаз жары — Зылихамен сыйластығын үзген жоқ. 1970 жылы «Ұстаз» аталатын сағынышқа толы естелігін жазып, баспасөзге ұсынды, жұрт тұра қашты. Ақыры, дымы құрып, аңқасы кеуіп, естелігін Орталық архивке өткізді.*

Жиырманшы жылдары Мәскеуде оқи жүріп «Күншығыс халықтары кіндік баспасын» басқарған білімпаз Нәзір Төрекұлұлымен араласады. Қол ұстасып бірге барған екі оқушыға қарап тұрып: «Өтебай — сен қазақтың мақал-мәтелдерін», «Бейсембай — сен қазақтың боғауыз әңгімелерін жина» — деп тапсырады Нәзір.

Жанбағу үшін баспаға келіп, шарасыз марксизм-ленинизм классиктері шығармаларын аударып жүрген Әлихан Бөкейханұлымен таныстырады. «Елімнің келешегі ғой, бұлар, Нәзір халық қазынасымен жақындастырып дұрыс істейсің. О, айналайындар. Халықтың ендігі уақытта қалай бетбұрмағы сендерге байланысты ғой» — деп Әлекең екі баланын басынан сипап, бауырына қысып-қысып қояды. Үлкен кісі үйіне ертіп апарып Смағұл, Лизамен таныстырады.

Апыр-ай, Алаш аймүйіздері қандай келешекшіл, — деп ойлайсың, — буыны қатпаған балаға ұлы Мағжан «Абай жайлы мақала жаз» — дейді, ертегісін өндеп береді. Ұлы Нәзір «қазақтың боғауыз сөздерін жина» — дейді, хан тұқымы Әлекең үйіне ертіп апарып, емізік емес, елдік сөзбен ауыздандырады, үлкен сенім артады. Ел келешегін ойлаған адам — ұрпағын ұлы міндеттерге бастайды екен-ау, асылы. О, кетпен тұяқ кемеңгерлерім-ай!

*Нәтижесін қараңыз, нәтижесін!*

*Бейсекең Әлихан Бөкейханұлын әкесін жоқтағандай жоқтап өтті. Смағұл мен Лиза жәнінде, олардан қалған жалғыз тұяқ — Ескендірдің 15 жасында сұранып, соғысқа аттанғаны, беліне граната байлап, Мәскеуге анталап келе жатқан жау танкісінің астына түскені, жардан бір, жалғыздан екі айырылып, қаңырап қалған Лизаның сұранып, майданға кеткені, кейін дәрігер-ғалым, медицина ғылымының докторы болғаны, еңкейе келе жалғыздық шаршатқан шарасыз Елизавета Әлиханқызының Макс Натанович аталатын жебіреймен тілек қосқаны, сексенінші жылдары қатерлі ісік ауруынан көз жұмғаны, Әлихан Бөкейханұлы, Смағұл Садуақасұлының көп материалы сол жебірейде кеткені, сұратса оның бермегені — Әзіз адамның маған жылап отырып айтқан әңгімелері.*

Қазақтан шыққан тұңғыш елші, елшілердің жетекшісі (дуаай-ен), тәжік, өзбек тілі оқулықтарын жазған, ағылшын, араб, француз тілдерінде еркін сөйлеп, жаза алатын білімпаз Нәзір Төрекұлұлы жөнінде гұмырнамалық очерк жазып, архивінде қалдырды. Досы Ж.Арыстанұлы, тарихшы Көлбаевпен бірлесе отырып атқармақ бірсыпыра істері бар еді, шіркін!

Мағжандай жайсаң ұстазы «көріп» берген ертегілері, «Абай» аталатын мақаласы Қазақстанда баспасөз бетінде жарық көрді. Әсіресе, «Еңбекші қазақта» басылған «Абай» — (№ 359,360, 28-29.08.1925 ж.) — абайтануда төңкеріс жасады. Тегіне қарап, Абайдан бас тартуға барып қалған қазақ әдебиетшілері, «Тегінде тұрған не бар? Айтқаны — халық мүддесі, зары — қазақ қайтсе ел болады — деген зар. Абай — халық ақыны» — деген концепция арқалап келген мәскеулік бозбаланың мақаласын оқып, бармақтарын қарш-қарш шайнап жіберді, ішіне ыза, қойындарына тас тықты.

Есесіне, Би-ағасы (Майлин) мақала жарық көрмей жатып-ақ, қуана құптай, «бойдақ-хат» (открытка) жазып, қаламақысын мол мөлшерде алдын-ала салып, қанаттандырыпты. Мақала жарияланған соң біртуардың бірі, қалам ұстағанның «мірі» — Міржақып Дулатұлы қазақ әдебиеті жайында жасаған тұңғыш «Әдебиет көрсеткішіне» көлемді үзінді ала отырып, енгізіпті. Өйткені, 21 жастағы балаң жігіттің мақаласы — абайтануда жаналық еді.

Төрекұлдай қырғыз азаматымен достығы соншалық, оқу бітіріп қоштасар сәтте, бірімізден ұл, бірімізден қыз туса — құда болалық, екеумізден де ұл туса есімін елімізді ел еткен «Шыңғыс хан» атына ескерткіш етіп, Шыңғыс қоялық деп төс түйістіріп ажырасыпты.

«Лениншіл жас», «Социалды Қазақстан», «Кедей тілі», «Әйел тендігі», «Қазақ әдебиеті», «Кенес туы», «Оңтүстік Қазақстан» — 20-шы жылдардың аяғы, 30-шы жылдардың басында Б.Кенжебайұлы қызмет істеген баспасөз орындары. Бірінде бас редактор, екіншісінде орынбасар, қалғанында қос-қатар қызмет еткен, «Қазақ әдебиеті» газетінің бірнеше санына редактор ретінде қол қойған, Павлодар облыстық «Қызыл Ту», Оңтүстік Қазақстан облыстық «Оңтүстік Қазақстанды» қолмен құрған Б.Кенжебайұлы — қазақ баспасөзінің бір байрағы! Баспасөзде басшы қандай — қосшы сондай! Басшы қандай — баспасөз сондай! Жиырмасыншы жылдары қазақтың ұлттық рухы жығылмай, қайта тіктеле түсуінде Бейсекеңдей басшы журналистің рөлі үлкен!

*Жастар баспасөзінде тереңірек танысып, ағалы-інілі болған адамы — қазақтың жампоз жазушысы — Жүсіпбек Аймауытұлы. Туган ағасындай болған Әмин қабірі басындағы тебіренісі, Сұлтанмахмұт жөнінде пікірлерінің қабысуы Аймауытұлымен тым-тым бауырластырып жіберген екен. Жетпісінші жылдары қолымен жазып, архивінің түбіне тыққан «Телегей-теңіз» аталатын естелік жазбасын ала отырып, Жүсекең жайында сөйлегенде қарт ғалымның көз жасы әжім іздерімен тарамдала ағып, қара жерге тырс-тырс тамғанын көргенім бар. «Оның да түбіне қазақы надандығымыз жетті ғой» — дер еді терең күрсініп. Ол — Сұлтанмахмұт әдеби мұрасын Аймауытұлынан аманат етіп алып қалғандай еді ғой...*

«Еңбекші қазақта» редакцияға тай мініп келетін «бас жазушы» Міржақып Дулатұлына рухани іні, қойдан қоңыр суреткер Бейімбет Майлыұлымен дос болыпты Бейсекең. Міржақыппен бір кабинетте отырып, қатар қалам сілтепті, Бейімбетпен бір үйде жатып, тұрыпты. Екеуімен де ниеттес, тілектес жүріпті. Кейде басшы, кейде қосшы болыпты, кішілігі кісілігіне, кісілігі кішілігіне ұласқан қарапайым да қадірмен Бейсекең!

Бұл — қазақ тілі мемлекеттік іс-қағаздан ысырылып, Алаш ардақтылары қайраткерлік, қаламгерлік істен ығыстырыла бастаған қасіретті кезең. Аштық келе жатыр аранын ашып, аштыққа қарсы көмек ұйымдастырған Аймауытұлы атылды.

Сол жылдары ұлтшыл атанудан қорықпай, лауазым-мансабымнан айырылармын деп сескенбей «Социалды Қазақстан» бетінде «Қазақ тілі туралы», «Тағы да қазақ тілі туралы» (1933 ж.) аталатын екі бірдей өткір мақала жазып, Қайыпназарұлы, Басымұлы, Аманжолұлы сынды тілші-ғалымдармен сілкілесіп айттысып, ана тілінің абыройын қорғады.

Жиырмамыншы жылдары Абайды арашалай әдебиет алаңына шыққан жас сыншы, отызыншы жылдары асқар бел — Сұлтанмахмұт үшін айтыса бастады. «Алаш ұранын» жазған ақынды ұлтшылдыққа бердін-ақ, айырылғаның, қазақ тілі «қызметінен» кетсе — қанатыңнан қайырылғаның, ана тіліңнің өшкені — ұлтыңның өлгені. Отызыншы жылдары жазылған мақалалардың бізге ұғындырары — міне, осы жайлар!

Алашорда өкілдері қоғамдық өмірден аласталып, алды атылып жатқан сүренсіз сүркіл уақытта А.С.Пушкинді жамылғы етіп, Абай, Шәкәрім, Міржақып, Бернияз, Жүсіпбек, Ілияс тәржімаларын тандап, талғап алып, «А.С.Пушкин. Тандамалы шығармаларын» (ҚКМӘБ 1935 ж.) қатырып алғысөз жазып бір томдық құрастырды.

Өлі Абайдың басына бұлт үйіріліп, тарқап тұрған, Шәкәрім өлтіріліп құдыққа тасталған, Аймауытұлы атылып, тірі Міржакып қызметінен қуылған, Бернияз Көлейұлы өзін оққа байлаған, Ғұбайдолла Балақадырұлы өзін-өзі бауыздаған қазақтың рухани қазынасына қатер төніп келе жатқан отызыншы жылдары Бейсекеңнің осындай әрекетке баруын ерлік демегенде не дейміз?! Сонда, ол саналы өмірін сарп етер, күллі ғұмырына кетерлік азап сатып алып отырғанын білді, біле тұра осындай елдік, ерлік іске барды ғой. Адалдықтан сатып алған Азап, тазалықтан тауып алған Тауқымет! Жә, ұлтқа арналған саналы ғұмыр, тұлғалы тағдыр сыбағасы шығар!

Әлгі жинақтың ізін ала құрастырылған А.С.Пушкин шығармалары қазақ тіліндегі үш томдығында (1937 ж.) Алаш ардақтыларының заты түгілі, аты жоқ қой, жарқыным-ау. Содан-ақ біле беріңіз Б.Кенжебайұлы құрастырған карапайым жинақтың қадір-қасиетін! Ол кезінде қамырға орап берілген у-тотияйын райында қабылдануы керек еді. Олай қабылданғанда Бейсекең бері салғанда итжеккенге кетіп еді. Өзін ұлт мүддесіне арнаған ұлы перзентті құдай сақтады.

«Кеңес туында» журналистикаға жұмылдырған бір топ жастың арасынан Әбзәли Қарасартұлы НКВД-ға кетіп, Шәкәрімдей ұлының түбіне жетті. «Оңтүстік Қазақстанға» бірге ала келген Қадыр Тайшықұлы бай-құлақ баласы ретінде қудаланды, Жақан Сыздықұлы өзінің ізіне түсті. Ақыры Оңтүстік Қазақстан облысының бірінші хатшысы Восканов қызметтен куды. Сөйтіп 70 жылдығын тойлап отырған Оңтүстік Қазақстан облысы тарихының басында тұрған бірінші басшы жетесіздік істеді.

Өзі түлеп ұшқан «Социалды Қазақстан» газетіне бас редактордың орынбасары болып қайта келді. Ғ.Тоғжанұлы, С.Лепесұлы, кейінірек Т.Рыскұлұлымен қызметтес болды. «Қазақ әдебиеті» газетіне кемді күн, (аз уақыт) бас редактор болғанда Шахмет Хұсайыновтың үстінен «бай баласы» деген бәле іздеген арызшағым келіп жетіпті. Абырой болғанда Бейсекеңнің қолына түскенін айтсаңызшы. Қарамағында қызмет істейтін Шаханды шақырып алып, есікті тарс бекітіп: **«Еліңнен мынадай хат келіп отыр. Қолыңа беремін. Емін өзің ізде, өзің тап, өзің жап, өзің күрт. Басшылық (Жазушылар одағы) білмесін!»** — депті. Жазушы жары — Б.Римова апайдан естіген әңгіме еді, Бейсекеңе өле-өлгенше қарыздар бейілде өтіпті, жарықтық Шахан!

Ұзамай Мәскеуге қызметке аттанды. «СССР Жоғарғы Советі ведомствосы» қазақ бөлімінің бас редакторы. Бүкілодақтық староста М.И.Калининмен бір партиялық ұйымда, Н.С.Хрущев, А.Толстоймен көрші тұрады.

Бір күні он бес одактас республиканың аталмыш редакцияда бірге істейтін 30-40 журналисін М.И.Калининнің қабылдау залына жинапты. Жайластырып отырғызып, алдарына бір-екі парак ақ қағаз, бір-бір қаламсап қойыпты.

— Кәні, әрқайсысың өз республикаларында жақындарыңнан ұсталған кісілердің аты-жөнін жазыңдар — дейді.

Саусағын сияға малған жарықтық Бейсекең, — ақ паракқа: **«Досымнан Бейімбет Майлыұлы, туысымнан Садықбек Сапарбекұлы ұсталды»** — деп жазыпты.

Жазып бола бергені сол, желкесінен карап тұрған сұңғақ евро-текті (Литван секілді. Қ.Е.) жігіт ақырын қолын созып алдындағы ақ қағазды алып, **«Қойыңыз, Сіздің ешкіміңіз ұсталған жоқ. Сөйтіп жазыңыз»** — деп сыбырлапты...

Жәрдемім тиер ме деген адалдықтан қимас екі азаматтың атын ақ қағазға түсірген журналист Б.Кенжебайұлы жан-жағына қараса әріптестерінің бәрі де **«Елімізде ешкіміміз ұсталған жоқ!»** — деген бір-ақ сөйлем жазып, орнынан көтеріліп барады екен...

**«— Құдай қакты — дер еді қартайған Бейсекең бір албырт шағын есіне алып, — Анау Балтық жағалауы ұлтының өкілі, әсілі адам емес, маған құдай жолықтырған Қыдыр шығар. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде (КГБ) де азаматтардың бар болғаны ғой.»**

Одан кейінгі өмірін олжа көрді ме, әйтеуір ұлт тағдыр- тарихы, азаматтар тағдыры жөнінде тартынбай, тайсақтамай әрекет етті ғой.

...Бір тықырдың таянғанын біліп, **«есің барда елінді тап»** дегендей, есен-аманымда Қазақстанға қайтайын деп поезға билет алып үйіне келсе, елден кісі отыр ошағының пұтында. Жүзінде үрей табы.

— Иә, әбзи\* ел аман, жұрт тыныш па?

— Тыныш емес. Екінің бірі — **«халық жауы»** атанып ұсталып жатыр. Сабыр ағай (Шарипов. Бейсекеңнің бажасы. Қ.Е.) жіберді. Бейсембайлар Қазақстанға келмесін. Келсе — ұсталады.

---

\*Әбзи — ағай деген сөз, татарша. Қ.Е.

Достары – Өтебай Тұрманжанов, Жүсіпбек Арыстанов ұсталып, камалып кетті. Келмесін – дейді.

Райдан қайтты. Билетін апарып өткізді. Қайыра қызметіне кірісті. «Тәуекел!»

*Асыл дос!*

*Мына құдайдың қаққанын қараңыз, егерде 1937-38 жылдары Бейсембай Кенжебайұлы Қазақстанда – қазақтар арасында тұрса, «ұлтшылдармен» бірге ұсталып «шу, қарақұйрық» деп кете барды-ау. Бас редакторы болған Т.Рысқұлов, Ғ.Тогжанов, «бас жазушы» М.Дулатұлы, Б.Майлыұлы, қанаттас орынбасар болған С. Лепесұлынан артық дейсіз бе, тәйірі. Ұлтына берері енді басталып келе жатқан, алда да өзін ұлы істерге арнар, бас пайда – жеке бас пайдасын емес, ұрпақ бақытын ойлар фидайы жанды тағы бір рет құдай қаққан...*

Кітапханаға барды. Архив ақтарды. Шыңғыс хан, оның ұрпағы Абылай, қазақ хандығы, Кенесары, Сыздық төре жайында ізденді. Басқа түгілі орыс княздықтарына алым-салық төлеткен «Алтын орда» тарихына үңілді. Алтын орда ханының әдейі батпаққа батырған жалаң аяғын сүйеге құштар болып тұрған князді бейнелеген суретті алып көрді. Төрткүл дүниені тітіреткен Түрік қағанаты жайында қиялдады.

Бір орыс әйелінің «**Менің қолымда қырғыз оқымыстысы Шоқан Уәлихановтың бір жәшік қолжазбасы сақталған еді. Өміріме қауіп төніп тұрғандықтан Сіздің кітапханаға жіберіп отырмын. Құдай үшін қабылдаңызшы. Қымбат қазына**» – деп жалбарына жазған хатын оқыды Бас кітапханадан. Ұлы оқымысты мұрасының ізіне түсті. «Ел. қамын жеген Едіге» жайында зерттеу мақала жазып жариялады. «Абылай» хан жайында кітап жаза бастады. Қазақ хандығы кезіндегі әдебиет жайында мақала жазып, мәселе қойды. О, ол кезгі көшірмелер, күнделіктер.

Мәскеуге Мұхаң келді. Өзі жасынан шығармасына әр кез баспасөз арқылы пікір білдірген Мұхтар Әуезұлы. Орыс жазушысы Л.С.Соболевпен бірлесе қазақ әдебиетін кең әлемге шығарсам деген арманы бар. Зерттеу мақала ала келген беті. Үйіне қонажатып сырласқанда «Өзің жаныңды салып арашалайтын Абай жайында бір роман бастап, бірінші кітабын аяқтадым. Шығу жайы қалай боларын» – деді. Ойында шығармасына қанағат сезімі мен қорқыныш сезімі телқабыс түсіп, қосанжарласып жатқанын байқады. «Алматыға қайтсам қайтеді?» – деген ойласуына, Мұхаң «Бой тасалай тұрғаның жөн емес пе, Бешім» – деп ойласа жауап берді.

Дегенде «халық жауы» аталатын саяси науқан саябыр тартып, «Егер күні ертең соғыс оты бұрқ ете қалса...» — деген шартты сөздер көбейіп тұр баспасөз бетінде.

Ақыры шыдамады. 1941 жылдың жазында елге деген сағыныш, «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол!» — деген намыс Б.Кенжебайұлын Алматыға ала қашты.

Басында Орталық Комитетке идеология хатшысы қызметіне уәде етілген Кенжебайұлына тигені — Қазақстан Мемлекеттік Біріккен баспасы бас редакторлығы. Бастығы — Ахмет Өтеев. Ұзамай соғыс өрті бұрқ ете қалды.

М.Әуезұлы қолжазбасын әкелді.

— Бұл не, Мұха?

— «Абай» романы. Бірінші кітап.

— Жалғасы?

— Бірінші кітап жарыққа шықса, көпшілік қаласа жаза-мын әрі қарай жалғап. Заман болса мынадай болып кетті.

Үлкен қаламгер қабағы қабарыңқы еді.

— Шығарамыз, Мұха! Жалғасын жаза беріңіз.

Қуанышы қойнына сыймай Мұхаң кетті қунақ басып.

Баспагердің «шығарамыз!» — деген сөзі, жел ала жөнелген «Ескендір Зұлхарнайынның мүйізі бар екен?» — дегендей елге тарап кетіпті.

Өтеев екеуін Орталық Комитет шақырды.

— Иә, баспагер жолдастар, Әуезовтің «Абай» романын не істегелі отырсындар?

Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Н.А.Скворцов екеуінің жүзіне сынай қарады.

Ахмет біткеннің бәрі Байтұрсынов емес, сақ Ахаң басшы аузын бакты. Бейсекең де үндемеді.

— Соғыс жүріп жатыр. Қағаз жоқ. Бар қағазды Отан қорғауға шақыратын әдебиет шығаруға жұмсау керек. Сылтау айтып «Абайды» авторына қайтарындар. Мұхтар Әуезовтің сотты болған кісі екенін білесіздер ғой. Көзқарасы не то... Осы «сыймен» қайтындар!

Қазақстанды басқарып отырған бірінші басшы айтқан соң болашақ ғажайып эпопеяның шақыртқы кітабы «Абай» жарыққа шықпауға, жөргегінде тұншықтырылуы тиісті еді. Директор Ахмет Өтеев «ләпбай тақсырмен» шыққанымен, бас редактор тас жұтып, ойланып кетті.

Аз айтып, көп айтып не керек, Орталық Комитетке **«Абай» шықпайды, авторына қайтарылды»** деген ақпар беріліп, көзалдап қайтарылған қолжазбаны қайта алдырып, үйінде жатып, қолында жүрген бала ақын Қуандық Шаңғытбаевты типографияға терім басына қарауыл етіп, жаманкөздерден жасырып тергізіп, «Абайды» көп ұзатпай жарыққа шығарды. Тәсіл ойлап, жарыққа шыққан «Абайды» жасырып ұстап, сүйінші данасына **«Қазақ өмірінің энциклопедиясы»** аталатын мақала жазып, кітап редакторы Қ.Шаңғытбаев екеуі «Социалды Қазақстан» бетінде, алдымен мадақ мақала жариялатты.

Арғы жағы түсінікті. Ұрсу. Зеку. Боктау. Қызметтен «өз еркімен» кетіру.

Кітаптың ең алғашқы данасын ауруханада жұқпалы дертке шалдығып жатқан М.Әуезовке екеуі ала барып, «Мұхалап» терезеден дабыстап, екінші қабаттың балконына шыққан жазушыға **«Сүйінші, Мұха! «Абай» жарыққа шықты»** — дегенде ұлы жазушы көзіне жас алып тұрып, «Екеуіңнен де айналайын. Екеуіңнен де айналайын» — дей беріпті. Бұл тебіреністі сәтті зергер ақын Қуандық аға Шаңғытбаев шабыттана айтар еді.

Десе дейтініндей бар. Аурухана палатасынан балконға М.Әуезұлы **«қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов»** болып шықты ғой. Палатаға қайта кіргенде дана жазушы болып кірді ғой... «Абай» романының жарыққа шығуының арқасында. Әл-әзір эпопея жазармын деген ой жазушыда жоқ еді ғой.

Егер де Бейсекеңнің басын бәйгеге тіккен баспагерлік жанкиярлық ерлігі болмаса, «Абай» жарыққа шығар ма еді, шықпаса еді?! «Асыл кездік қын түбінде жатпас», «Абай» түбі шығар. Бірақ, кешігер еді. Әрбір кешігу — Мұхандай, тағдыры қыл үстінде жүрген адам үшін алмағайып! «Абай» — Мұханның рухани демеушісі, керек болса құтқарушысы. «Абай» романы жарыққа шықпаса, әйтпесе кешігіп шығар болса — ол эпопеяға ұласар ма, ұласпас па? Ал, «Абай» — «Абай жолына» ұласып, жазушыны ұлылық бесігінде әлдилеген даңқ кешіксе не болар едік? Сорға кездесе, бір сылтау келесі бір сылтауды туғызып, қолжазбадан бастап, барлық процесс кешіге берсе, кешіге берсе, үміт сөніп, ұтылысқа кете бермес пе?! Баққа кездесіп, бір ықылас келесі бір ықыласқа ұласып, қолжазбадан бастап, барлық процесс жеделдей берген, жеделдей берген. Бар мен жоқтың арасы қас-қағым



сәт! Сөйтіп бір баспагердің карапайым ғана рухани демеуі каламгерді бақыт биігіне шығарып, ұлтты ұлы рухани қазынаға қарық етті. Біз бұлай дегенде, баспагер жаратылысы ұлы жазушыға эпопея жазып берді деуден аулақпыз, қытымыр уақыттың белгілі бір кезеңінде ар ойлаған Бейсекен басын катерге тігіп, жазушы бағын, эпопея жолын ашуға септесті дейміз. «Егемен Қазақстан» жазғандай, салқар сахараның ХІХ ғасырдағы бүкіл поэтикасын әдебиет әлеміне әкелген эпопея бір катерден қалды!

Бейсекеннің осы еңбегін ескергендік шығар, жайшылықта өте сенгіш ұлы жазушы Бейсембай демей, «Бешім» деп еркелетіп, ол жайында айтқан жел сөздің ешқайсысына сенбей, берік сенімде өтті. Валентина Николаевна сүтсізденгенде бір ұлын Менжамал шешеміздің емізгенінен тартып, Мұхаң өзі іссапарда жүрген кездері — жинақ кітапшасына өзінің қолын қойып үйіне қаражат алып беруді Бейсекеңе сенгеніне дейін бұл екі қасиетті қара шаңырақ арасындағы қарым-қатынас, сыйластық ала-бөтен. Соның бір сәті екеуінің «Абай — қазақ халқының ұлы ақыны» (1945 ж.) аталатын зерттеу еңбегін бірге жазып, қазақ, орыс тілдерінде жариялатуы! Қашан көзі жұмылғанша іріткі сөзге ілеспей, іргелерінің ажырамай, ынтымақта өтуі — жарастық белгісі.

Бас редакторлық қызметінен қуылған Бейсекен университетті жағалады. Ғылымға ден қойды.

Қыркыншы жылдары «орысты шапты» деген мотивпен жабылатын «Едіге батыр» жырын — халықтық эпос («Әдебиет және искусство», 1940 ж., № 7-8) деп мақала, ханды арашалап «Абылай» (1941 ж.) атты кітап жазып, бастырды. 1932 жылы айтқан идеясына қайта оралып, қазақтың жазба әдебиетінің тарихын хандық дәуір (XV ғ.), тіпті одан да әріге ілгерілетуіміз керек («Социалистік Қазақстан», 1941 ж., 10 июнь, «Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мәселелері», (жинақ), Алматы, 1941 ж.) — деп аса маңызды мәселе көтерді. Сау басын тағы да дауға салды.

1946 жылы Б.Кенжебайұлы «Сұлтанмахмұттың ақындығы» — аталатын тақырыпта кандидаттық диссертация жазды. Тағы да ағынмен жүрмей, ғылымдағы ағымға қарсы жүрді. Ол — қазақ ақын, жазушыларын тапқа бөліп, таптық тұрғыдан талдауға қарсы шықты. «...халқымыз тап ретімен ұйымдасып үлгермегені былай тұрсын, тапқа айқын жіктеліп те жеткен жоқ еді. Сондықтан да біздің ол күндегі әдебиетімізде таптық бағыт, таптық көзқарас күңгірт жатады. Бізге айқын, таза тап ақыны, тап жазушысы жоқ

деуге болады» — деп жазыпты ғалым. «Тап» деп ұрандап жатқан ұлы империяда бар пәленің бастауы Бейсекен пікірі болды да шықты. «Жерден жік шықты, екі құлағы тік шықты...» Бейсекеңнің батыл пікірі тура осылай қабылданды.

Өзге ұлтпен бірге қазақты құртқан тапқа бөлу, өкінішке қарай, кеңес өкіметінің басты идеологиялық қаруы еді. Енді, айбынбағанда, енді шабынбағанда кашан?!

Б.Кенжебайұлының кандидаттық диссертациясы қолжазбадан жыртылды, Қазақстан КП Орталық Комитеті 1947 жылғы «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел қателіктер туралы» қаулы қабылдады. Республика басшысы «Идеология майданындағы қызметкерлердің айбынды міндеттері» аталатын баяндамасында сынады. Орысша жазғыш солақай сыншы Ж.Сәрсекеев, үлкен ақынымыз Қ.Бекхожин, білімді сыншы Б.Сахариев, Орталық Комитеттің философсымақ хатшысы Н.Жанділдин... құдай-ау, адалын айтқан Бейсекеңді кім сынамады, десеңізші?! Пікірлерге ден қойсақ, Б.Кенжебайұлы «ұлтшыл», «буржуазияшыл-ұлтшыл ақынның (Сұлтанмахмұт) адвокаты», «Талмуд-қарилық көзқарастағы адам...». Ақырында Бас газет бетінде «Б.Кенжебайұлы өзінің бұл ұлтшылдық бағыттағы өрескел қателері талай рет қайталанып көрсетілсе де, ол баспасөз бетіндегі мұндай пікірлерге күні бүгінге дейін құлақ аспай, қателерін түзеуге тырыспай келеді. Тіпті қателіктерін мойындауды да қажетсінбейді. Бірақ, оның мұндай орынсыз «қайсарлығына» совет жұртшылығы төзе бермейді» («Б.Кенжебайұлының творчествосындағы қателіктер». «Социалистік Қазақстан», 25 наурыз, 1952 ж.) — деген қорытынды шығарды.

Ұзамай партия қатарынан шығарылып, қызметтен қуылды. Ғалым қайсарлығына «совет жұртшылығы» төзбеді.

Ол кездегі партиядан шығарылудың салмағын салмақтап көріңіз. Қайсар ғалымды тас түрме, тіпті мылтықтың оқпаны күтіп тұрды.

*Отбасын асырарлық нәпақа табатын қызмет жоқ. Сабақ беріп, Алаш ардақтылары есімін құлағына құяр шәкірті жоқ, күнде жиналыс, күнде баспасөзге қаралап, сынап жазу... Өз мүддесінен халық мүддесін жоғары қоятын Бейсекеңнің елуінші жылдардағы халі міне, осындай, асыл дос!*

«Енді аяқтап, көпшілік талқысына ұсынған диссертациямды қолжазбадай көрсеткен ана бәленше ғой, — дер еді, ауыр

күрсініп, қадірлі Бейсекең, — Неге өшікті екен маған? Оған істеген зәредей жамандығым жоқ еді. Әсілі, анау органға қызмет етті-ау...»

Ілім-білімін бірінің үстінен бірі арыз жазуға, ақыл-айласын кандасын құлатуға жұмсаған, қыранын тұмшалап тұғырда ұстап, қарғасын қарқылдатқан қайран қазақтың қара мінезі.

Қиналғанда күйсандығын сатайын десе, көршілері «халық жауының» мүлкін алмаған, қымбат кітаптарын Меңжамал анамыздың қойнына салып беріп, базарға шығартып, нан пұлын ажыратқан, сөйтіп жүріп көне шығыспен мидай араласып кеткендіктен «кертартпа», «кітаби» атанып, әдебиет тарихынан аулақтатылған үлкен ағым — бір шоғыр ақынды ағартушы атап, әдебиетімізге бағдарлы бағыт ретінде қосыпты, сөйтіп жүріп қазақ жазба әдебиетінің тарихын «Түрік қағанаты», Орхон-Енисей ойма жазулары кезеңінен бастау керек деп мәселе қойыпты, — сөйтіп жүріп «Еңбекші қазақта» қызметтес болған ардақты Алаш өкілі — Міржакып Дулатұлы жайында естелік жазып, қызы Гүлнар Дулатованың қолына ұстатыпты, «Алашорда өкілінің күйеу баласы» деген қаңқудан төлтуманы қойып, аудармаға көшкен, талантты әдебиетші інісі — Әбен Сатыбалдиев атына орыс жазушылары кітаптарын алып, аудармамен айналысыпты.

Ол аздай, «Қазақ әдебиеті» газеті бетінде «Өтелмек парыз» («Қазақ әдебиеті» № 4, 25.01.1957 ж.) аталатын мақала жазып, Голощекинді «боқтаған» Смағұл Садуақасұлы жөнінде мәселе көтеріп, бас редактор С.Мәуленов бастатып орынбасары Ж.Молдағалиев, жауапты хатшы Төкен Әбдірахманов, бөлім бастығы Рахманқұл Бердібаевтың қызметтен кетуіне «себепкер» болды.

— Тікелей қамқорлық көрген абырой, беделі асқақ азаматтардың өзі айнып кетіп жатқанда Бейсекеңнің көз көргендікпен қиын-қыстау сәтте әкем жайында зор сүйіспеншілікпен естелік айтып, ағалық жүрекпен маңдайымнан сипауы, кейін естелік жазып беріп, «Мықтап сақта, күні туады, ел боламыз десек, Міржакып ағам ақталады» — деп, жаныма жалау болғанын қалай ұмытайын?! — дейді Гүлнар Дулатова.

Асылы, Алаш ұрпақтарымен Бейсекең байланысы бір үзілген емес. «Асыл адам айнымас»-тың керін келтіріп, олардың қай-қайсысымен де еркін араласып, дәм-тұздас жүрді. Бейсекеңнің арқасында олардың біразын біліп, әңгімелесудің сәті түсіп еді. 1985 жылы 10 мамырда Ғалиябану үйінде Райымжан Бөкейханов бастаған бірсыпыра кісімен дастархандас болдық. Шежіре қарт Әлихан

Бөкейханұлы қолында тәрбиеленген екен...

Алпысыншы жылдары «жылымыққа» ілініп, «азаматтығы ақталды» дегенді сылтау етіп, татар досы Хабиболла Махмудов екеуі ұстазы Мағжан Жұмабайұлы өлендерін орыс тіліне аудартып, аудиторияларда әңгімелей айтып, тағы дауға қалды. Жарты ғұмырын жұмсаған Сұлтанмахмұттың екі томдық шығармалар жинағын дайындап, Алашордашыл өлендерін қосып, Алашорда өкілі Әлімхан Ермековтің ақын жайлы естелігін енгізгенін, сұғынған бір көргіш қазақ көріп қалып, Орталық Комитеттің хатшысы М.С.Соломенцевпен «ұстасуы», ақын қос томдығының (1962 ж.) туралып, өзі партиялық сөгіс алумен тынды.

Партиядан бір шығып, бір кірген, енді қатаң сөгісті «қалжауыр» еткен Б.Кенжебайұлының осы кезеңдегі үлкен ерлігі — 1959 жылы Ғылым академиясы өткізген конференцияда қазақ жазба әдебиетінің тегі жайында баяндама жасап, 1960 жылы «Қазақ халқының жазба әдебиетінің тарихы қайдан, кімнен басталады?» (№ 30. 22.07.1960 ж.) — аталатын мақала жазып, ұлт әдебиеті түптамасын түрік халықтарына ортақ ойма жазулардан бастау керектігін күн тәртібіне қайта көтеруі. Ежелгі әдебиет мәселесін көтергені үшін Б.Кенжебайұлы «надан», «гөрі әдебиетші», «айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады», «көтере алмайтын шокпарды беліне қыстырады», «өзі түсінбейді», «бейшара» деп басталатын талай бейпіл сөз естіді оппоненттерінен. Алғыс алу орнына, тағы қарғыс алу. Еңбегі еш, бейнеті сор болғаны ма?

Жо-жок. Бұл күнде Бейсекеңнің сондағы батылдығы елге ырыс, әдебиетке тыныс саналады. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеу мектебі — Б.Кенжебайұлы есімімен тығыз байланысты аталады. Б.Кенжебайұлы шәкірт тәрбиелеген ұлы ұстаз. Р.Бердібай, Т.Кәкішев, Х.Сүйіншәлиев, Т.Қожакеев, М.Жолдасбеков, Қ.Сыдиықұлы, М.Мағауин, Р.Нұрғалиұлы, А.Қыраубаева, Ш.Ыбыраев — бәрі де Бейсембай Кенжебайұлының «Әдебиет тарихын зерттеу» мектебінің түлектері.

Әттен, көзі тірісінде өмір жасы өксумен өтті-ау. Әйтпесе, әдебиет ғылымындағы абыройы — кісі қызыққандай ғой. Кешегі қарғыс, бүгін алғыс болып қайтты. Өзін қатарынан шығарып жіберген Коммунистік партия тарап кетті. Тәуелсіздігімізді алдық. Алаш ақталды. Ұрпағы Бейсекең рухына тағзым ете қарайды.

*Асыл дос!*

*Міне, мен де айтар ойымды кемерлеп келемін. Атап-атап өтумен*

шектелген, әрбір тұлға, әр дәуір әдебиеті мәселелері де Бейсекеңдей әзіз адам, ғажайып ғалымның, тар кезеңде Өз өмірін құрбан ете жүріп табандап атқарған ісі, рухани ерліктері, таратып айтар өнегесі! Бұл күнде қазақ әдебиетінің баға жеткісіз құндылықтары. Ойша талдап қарар болсақ, Б.Кенжебайұлы өмірі — Алаш ардақтыларын жүрегіне терең ұялатып алып, солардың есімі ұмытылмасын, ұлт азбасын, жер тозбасын деп арпалысып өткен фидайы жанның азапты өмір сапары. Асылы, Бейсекеңнің тозақы өмірі мен рухани өрлігі жайындағы толғанысты кемеңгер Әбіш Кекілбайұлының «Жиырмамыншы ғасырдағы қазақ көркем сөзі мен ойының өрлеуіне, қазақ азаматы санасының қалыптасуы мен дамуына қадірлі Бейсекеңдей — Бейсембай Кенжебайұлындай еңбек сіңірген азамат кемде-кем. Ол социализм дәуірлеп тұрған өткен кездің өзінде де халқымыз бен мәдениетіміздің тарихын тереңінен қозғап, оның әлеуметтік-философиялық салиқалылығын жан-жақты талдап бере алды. Ғалым ретінде де, ұстаз ретінде де кейінгі кезеңдегі рухани гүлдеуімізге мұрындық бола білді.

*Азат елдің азат ойының дәуірлеу тұсында Бейсекеңе ұлт болып тағзым етуіміз әбден заңды»* — деп төгіліп бағалауымен аяқтасақ әрі қарай қыранжүрек ғалымның әрбір рухани ерлігін бас-басына тарата дербес баяндасақ жарасады...

10-11.11.2002 жыл. Шымкент.

\* \* \*

Уақыт өзгермелі. Адам табиғаты сонша күрделі. Өлшем ұдайы жетіліп отырмақ — заңдылық. Әлемдік әдебиет тарихы тәжірибесіне қарап отырсақ қызық құбылыстардың куәсі боламыз. Біреу бар — өмір бойы даңқты ерттеп мініп, халық тарапынан көрген құрмет, махаббат пен естіген марапат сөзден басы айналып өтеді. Ғажабы ол да емес. Ең ғажабы сондай бір халық басына көтерген ондай даңқ иелерінің жүзін суық топырақ жапқан соң-ақ тіршілігінде тірнектеп жиған абырой-беделі арзандап, даңқы бордан жасалған бюст секілді мүжіліп тоза береді, тоза береді. Ақыры күндердің күнінде белгісіздік тұманына батып ізім-қайым жоғалады. Демек, даңқ та өзгермелі. Демек, дүбірлеген даңқ та баянсыз. Айталық, ұлы акын А.С.Пушкин төңірегінде тіршілігінде даңқы дүбірлегені соншалық, қазір әлем атак-даңқына қарап отырған Александр Сергеевичтің өзіне көлеңке түсіріп, көлеңкелі тіршілігін дарындар болды. Күні кешеге дейін біз білген А.С.Пушкин

ұлы ма, әлде Некрасов ұлы ма дейтін орайсыз салыстырулар тіршіліктегі атак, даңқтан өрістейтін, туындайтын мәселелер. Әйтпесе ұлы жазушы А.П.Чеховты қазіргі оқырман шығармасын оқымақ түгілі, атын естімеген қайдағы-жайдағы бір Павленкодан төмен қойған ғой уақытында. Атакты Соллогуб, Лажечниковтар қайда бұл күнде? Демек, әдебиеттегі мәңгілік – жүзден жүйріктің емес, мыңнан бірдің ғана маңдайына жазылар сирек бақыт. Бұл – мәселенің бір қыры. Енді мәселенің екінші бір қыры және бар.

Біреу бар, өмір бойы халық деп атой салып ұрандамай-ақ, еңбегім ерекше сіңді, маған неге сыйлық бермейсің, лавр жапырағын қашан жапсырасың маған демей-ақ қойдан қоңыр көптің бірі болып қана жүреді, бірақ халықтық іспен ғұмыр кешеді. Бұл да ғажаптың бір түрі. Құдай берген дарынды жұрт алдында жарқыратып жасамай, жасырынғандай болып үн-түнсіз істеу де келісіп тұрған жоқ. Амал қанша, бұл да бір жұмбақ табиғат. Ғажабы да бұл емес. Ең ғажабы ғұмырды елеусіз бұйығы өткізген адам дүниеден көшкеннен соң, аз-кем уақыттан кейін ондай жұмбақ жандардың даңқы жұртты қайран қалдырып өсе бастайды. Тіпті ондайлар бір халықтың мақтанышына, ұлттық мөріне, азаматтық арына айналатынын қайтерсің. Айталық, «Афоризмдер» жазған неміс философы Лихтенберг. Тіршілігінде кісі екен деп қарады ма екен оған қатар ғұмыр кешкен әріптестері? Шығармасы халыққа кең тарамалды, қатары мойындамалды, аяулы философ аштан өлді. Қазір неміс философиясын сөз еткенде ауызға алдымен Лихтенберг есімі ілінеді. Оның «Афоризмдерін» оқымайтын адам бар ма, қазір?! Әйтпесе, «Ақыл қалтаны» (Карманный оракул) жазған Балтасар Грасианды алайық. Ол өз отандасы Маркестен әлдеқайда бұрын туып, әлдеқайда кейін танылды. Және өз отандастарының қайсысынан да оның туындылары ұзақ жасайтыны күмән туғызбасқа керек.

Әлемдік ой тарихында мұндай мысалдар көп-ақ. Тікелей әдебиеттануға келгенде өткен ғасырда өмір сүрген Потебня, күні кеше арамыздан кеткен Бахтиннің қайсысының шекесі шылқыды екен даңқтан? Ешқайсысының да! Қазір әдебиеттегі ең өміршең теория, өнімпаз еңбек осылардікі.

Жә, онсыз да соқтықпалы, бірақ соқпақсыз әдебиет әлеміндегі бұралаң жолдарды кезе бермей, тақырыбымызға тура көшейікші, айтарымызды бұландатпай тура ашық айтайықшы. Сап, көңіл, сап. Әуелі бір сұрақ, жоғарыда айтқан әңгімелер сапырма мысал

болып қалмауы үшін ойланайықшы: осы бізде де тіршілігінде бағаланбаған, бағы жанбаған адамдар жоқ па екен? Бар. Болғанда қандай! Баскасын қоя тұрып, профессор Бейсембай Кенжебайұлы тағдырын еске алсақ та бұған көз жеткіземіз.

Өз халқының жамандығын көре білмеген жақсылығын да парықтай білмесе керек. Өзінің терісін танымаған кісі өзгенің он ісін бағалап қай ондырады? Біздің азаматтар данқ сүйеді, мансап үшін күйеді, атакқа бас игіш, ғылым үшін айтысуға жоқ, жеке басының ісі, мүддесі үшін бірін-бірі орға жығуға бар халық қой. Әсіресе, интеллигенция, әсіресе ғылыми орта, әсіресе жазушылық орта... Ал ондай жерде теңгермешілікке жол берілмей тұра ма? Теңгермешілікке жол берілген жерде асыл жасымай, жасық асылға таңылмай тұра ма, сірә? Ондай жерде еңбегі жоғы — бар, еңбегі бары — жоқ боп көріну, біреу бейнетін кешу, екінші біреу зейнетін көру — қалыпты жағдайға айналады. Қазақ ғылымы атакты адамдарға кенде емес. Қазақ ғылымы қай уақытта да шын ғалымдарға кенде. Күні бүгінге дейін ұлттық ойдың орталыққа шықпай жатқаны, атакты ғалым деп танып абырой-беделінің алдында қол қусырып келген дардай адамдарымыздың қуыс қурайшыға беретіні де сондықтан.

Жә,жә, таусылмайық. Одан да Бейсембай Кенжебайұлы тағдыры жайлы әңгімемізді сабақтайық. Ол кім? Кім деп сұрақ қойып, жаңадан таныстырарлықтай атымен белгісіз адам емес, Бейсембай Кенжебаев. Белгілі ғалымның бірі болып өтті дүниеден. Алайда, көбіміз сол «белгілі» эпитетімен шектеліп жүрміз. Ғалымның шын болмысын, шын келбетін білмейміз. Ал, Бейсембай Кенжебайұлы бірінен-бірі, бір кезеңінен екінші кезеңі ызғарлы, бір басшысынан екінші басшысы қытымыр уақытта өмір сүріп, еңбек етті. Бірақ, ол өзінің көп замандастары секілді уақыт айтты бітті, партия айтты көндім деп құлдық ұра бермей, ұлтының ұлы мұратына бойлап, жұртының жарқын болашағын ойлап ғұмыр кешті. Оның бүкіл ғалымдығының, қайраткерлігінің кілті — ұлттық ойлау жүйесінен ажырамағандығында. Ал ұлттық ойлау жүйесі берік ол секілді қайраткер, ғалым, оқымыстының дені кезінде ұсталып, камалып, атылып кетті. Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Қ.Мұханбетханов сотталып барып ақталды. Халық бағына Б.Кенжебайұлы, Ә.Қоңыратбаев секілді бірлі-жарымы аман қалды. Аман қалды да өзгелерден кеудемсоқтанбай ақырын жүріп, аяндап халқына қызмет жасады. Ағынмен жүрмеді, ағынға қарсы жүрді. Ағымсыздыққа шақырғанда ағыммен күн кешті. Бұл шынайы ғалымдық табиғат.

Көрнекті ғалым, табанды әдебиетші, жұртын сүйген, сүйоден айнымас асыл азамат Бейсембай Кенжебайұлы жөнінде, оның тұтас болмысын құрайтын қастерлі істері хақында өте көп айтуға болады. Оның халқы үшін, қатар жүрген қадірлісі үшін істеген әрбір ісінен өнеге таратып айтуға, азаматтық ойы қалғымай ылғи бір тебіреністі іс тындырған ғалым хақында тебіреніп, толқып жазуға болады. Ғұмыр болса алда атқарармыз ол істі. Әзірге жарнаған уақыт, жариялық талабына орай әзіз ғалымның бірнеше ерлік-еңбегін санамалап сөйлеумен шектелеміз. Бұл аяулы адамның саяси, ғалымдық, азаматтық кіші-гірім портреті болса — мақсаттың орындалғаны.

## БІРІНШІ ЕРЛІК, ӘЙТПЕСЕ АБАЙ БИІГІ

1925 жыл, 28 тамыз. «Еңбекші казак» газетінің № 359 санында «Абай» аталатын мақала жарық көрді. Жұрт оқыды. Оқыды да жағасын ұстады. Сыртынан сыбады. Авторын іздеді. Авторы Бейсембай Кенжебайұлы. Москвада Күншығыс еңбекшілерінің Коммунистік Университетінің оқушысы. Жасы жиырма бірде. Құртып жібергісі келгендер болған, әттең бай баласын халық ақыны деп қисық бағалаған қиянқы құрық жетпес алыста жүр екен. Адамның бәрі бір ме, тәйірі. Біреу күйінді, біреу сүйінді. Ең бастысы, адамның жасын емес, басын, асыл ойын қадірлейтін, өзі де Ахаң — Ахмет Байтұрсыновпен бірге қазақ халқының басы саналатын, Жақаңы аталатын, тұла бойы тұнған ұлттық қайраткер Міржақып Дулатов абайтануда жаңа пікір айтылды, жаңашыл ой беті түзелді деп жанымен қуанып, **«Қазақ кітаптарының көрсеткіші»** (Қызылорда, 1926 ж.) аталатын библиографиялық көрсеткішіне 21 жасар Бейсембайдың мақаласының атын тізіп, **«Абай халық ақыны. Халықтың тумысындағы кем-кетіктерін, жайсыз қылықтарын жазған. Олардан құтылуға жол көрсеткен. Абайдың ұстаған жолы, көздеген мақсаты елді түземек болған. Абай ілгерішіл ақын»** — деген пікірін көшіре жазыпты. Есесіне өлкелік партия комитетінің баспасөз бөлімін басқаратын Әбдірахман Байділдин уыздай жас баланы азуын айға білеп тұрып сынапты, білегін түрініп тұрып сыбапты.

Ойшыл Міржақып Дулатов жерден жеті қоян тапқандай қуанатын, сүйсінетін, әсіре белсенді Әбдірахман Байділдин жер-